

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 327-328

СИЫРДЫҢ БҰЗАУЛАУ РЕТІНЕ ҚАРАЙ ТӨЛ САЛМАҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

*Шахмова Н.А., Әшімов С.Ә.,
Естанов А.Қ.*

Қазіргі уақытта, Республика мал шаруашылығында ет бағытындағы саласын дамыту маңызды орын алады. Солтүстік Қазақстан облысы мал өнімдері сүт және ет өндіру бойынша ірі аймақтарының бірі болып табылады.

Республикада ет бағытындағы қазақтың ақбас тұқымы генетикалық тұрғыдан жақсарту жұмыстарына қарамастан, етті бағытындағы мал тұқымдары талаптарына сай емес екенін атап өткен жөн.[1]

Сондықтан, ірі қара мал тұқымдарының ет сапасы үнемі жетілдіруді талап етеді. Көптеген елдерде және Қазақстанда өнімді және асыл тұқымды қасиеттерін жақсарту мақсатында ірі мөлшермен, сүт және салыстырмалы майсыз етімен ерекшелінетін герефорд канадалық мал тұқымын пайдаланады. Герефорд тұқымы еттілігімен, жоғары энергия өсуімен, сондай-ақ ірі азықты жақсы пайдалануымен ерекшелінеді және осы аталған қасиеттері ұрпақтан ұрпаққа дариды.[2]

Көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, бұзаудың 3-5 айындағы тірі салмағы бойынша сиырдың өнімділігін нақты бағалауға болады, өйткені осы жаста аналық сүті бұзаудың өсіп-өнуіне үлкен әсерін тигізеді.

Зерттеу мақсаты. Ет бағытындағы тұқымдардың бонитировкасының нұсқаулығын ұстана отырып біз бұзаулардың 6 айындағы тірі салмағы бойынша сиырдың сүттілігін бағаладық.

Зерттеу жұмыстары Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданына қарасты, қазақтың ақбас тұқымын өсірумен айналысатын «Алабота асыл тұқымды зауыттында» қазақтың ақбас сиырының «Алабота» мұқыл типінің тұқымына 2015 жылдың мамыр айында жүргізілді. Зауытта алынған төлдер сиырлармен бірге, аналықтарын емін еркін еміп өсіп жетіледі. Сиырларды күтіп бағуымен азықтандыру жағдайы 2014 және 2015 жылдары А.П Калашниковтың «Ауыл шаруашылық малдарды тамақтандыру нормалары мен рациондары» атты нұсқа бойынша жасалды. Сиырларды, бірінші, екінші және одан да көп бұзаулаған реті мен олардан алынған төл салмағы бойынша өнімділігін бағаладық. 2015 жылы сиырлардың орташа сүттілігі 2014 жылмен салыстырғанда 10,8 кг, яғни 5,6 % және 14,5 кг, яғни 7,5 %-ға жоғарлағаны байқалған. Сиырлардың жасы мен төлдеу реті өскен сайын сүт бөліп шығару мерзімі, сүттілігі және сүт сапасы жоғарлаған. Бірнеше рет бұзаулаған

сиырларда сүт өнімі санды және сапалы тұрғыдан жоғарлап қана қоймай, сонымен қатар бұзаудың қарқынды өсіп жетілуін қамтамасыз етеді.

1 кесте – Сиырлардың 2 жылдың ішіндегі бұзаулау ретіне қарай, төлдің тірі салмағының өзгеруі (6 айлық бұзаулардың тірі салмағы бойынша)

Жыл	6 айлық бұзаулардың тірі салмағы, кг			
	I бұзаулауы	II бұзаулауы	III тен одан жоғары	Орташа есеппен
2015	198,1±3,9	209±3,0	216±2,9	207,5

Кестеде келтірілген деректер бойынша, бірнеше рет бұзаулаған сиырлардан алынған төлдердің тірі салмақтары айтарлықтай жоғары болатындығы байқалады. Сиырлардың жасы ұлғайған сайын сүт бөлу мерзімі, сүттілігі мен сүт құндылығы арасында өзара айқын байланысы бар екендігін анықталды. Алынған төлдің 6-ты ай аралығында салмақ жинауының қарқындылығы да осыған байланысты деп есептейміз.

Қорытындылай келсек, малдануға, шаруашылық белгілері жақсы, сүттілігі жоғары және алынған төлдерін аналығының астында жақсы өсіру қабілеті бар малдардың басын іріктеп алу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Юдин М.Ф. Молочная и мясная продуктивность крупного рогатого скота разных генотипов в связи с его поведением. // Диссертация на соискание ученой степени доктора с/х наук. УГАВМ, Троицк, 2002. – С 240.

2 Pizarro, Fernando; Olivares, Manuel; Valenzuela, Carolina; и др. The effect of proteins from animal source foods on heme iron bioavailability in humans. FOOD CHEMISTRY Том: 196, - С 733-738 Опубликовано: APR 1 20